

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Құрметті әріптестер!

Әлемдік экономикада пандемияға негізделген **сұраныс** пен **ұсыныстың** теңгерімсіздігі, **шикізат** пен **азық-түлік** тауарларына **бағаның** жоғары болуы нәтижесінде **инфляцияның** өсуімен қатар жүретін **қалпына келу** жалғасуда.

ӘЛЕМДІК ЭКОНОМИКАДАҒЫ ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ АЯ
ЖОҒАРЫ БОЛЫП ҚАЛУДА

Жалпы әлемдік инфляциялық ая жоғары болып қалып отыр. **Дамыған және дамушы** елдер көп жылдық ең жоғары көрсеткіштердің жаңаруын тіркеуде. Биылғы жылғы қыркүйекте АҚШ-тағы инфляция рекордтық **5,4%-ке** дейін, қазанда **Еуроодақ** пен **Ресей Федерациясында** тиісінше **4,1%-ке** және **8,1%-ке** дейін өсті. **Қытайда** монетарлық саясат бойынша шешімдер қабылдау кезінде басты назар аударылатын өндірушілер бағасының өсуі биылғы жылғы қыркүйекте **10,7%** болды.

Халықаралық валюта қорының бағалауы бойынша, **қысқа мерзімді** кезеңде сақталып отырған күтпеген өзгерістер **тоқтаған** кезде **дамыған және дамушы** елдердегі инфляция **2022 жылдың ортасына** қарай қалыпқа келеді. Сұраныс пен ұсыныстың **барынша ұзақ** теңгерімсіздігі, тауар жеткізудегі **тоқтап қалулар** және **шикізат пен азық-түлік тауарларына**

бағаның өсуі кезінде инфляцияны тұрақтандыру, Халықаралық валюта қорының бағалауы бойынша, **2024 жылға дейін** созылуы мүмкін.

Биылғы жылғы қазанда әлемдік **азық-түлік бағасы 10 жылдық ең жоғары деңгейге** жетіп, өсуін жалғастырды. **ФАО индексі** бір айда **3,9%-ке** өсіп, **өсімдік майының, дәнді дақылдар мен сүт өнімдерінің** қымбаттауы есебінен **133,2 тармаққа** жетті.

Ұлттық Банктің бағалауы бойынша, сақталып отырған теңгерімсіздік пен үдеп келе жатқан инфляциялық күтулерді ескерсек, **2022 жылы** Қазақстанды қоса алғанда, **дамушы елдерде** инфляциялық қысым **жоғары** болып қалады.

ИНФЛЯЦИЯНЫҢ ӨСУІ АЯСЫНДА ӘЛЕМДЕ АҚША-КРЕДИТ САЯСАТЫН КҮШЕЙТУ ЖАЛҒАСУДА

Қаржы нарығының қатысушылары барынша **ұзақ инфляциялық күтулерді** қалыптастыруда. Алдағы **5 жылға** инфляцияны **2%-тен** жоғары қоятын АҚШ-тағы опциондардың үлесі **80%-тен, Ұлыбританияда – 56%-тен, Еуроаймақта – 41%-тен** асады. Негізгі ставкаларға **фьючерстер мен форвардтар** да **2022 жылы** ставкалар артуының жоғары ықтималдығымен бағаланып отыр.

Ақша-кредит талаптарын күшейту шеңберінде биылғы жылғы қазан-қарашада **17** ел негізгі ставканы **көтерді**. Осы жылдың басынан бастап **жаһандық ақша-кредит саясаты индексі 4,18%-тен** биылғы жылғы қазандағы **5,10%-ке** дейін артты.

Инфляциялық қысымның өсуі аясында биылғы жылғы 3 қарашада **АҚШ Федералды резерв жүйесі ай сайын 15 млрд АҚШ долларына сандық жеңілдету бағдарламасын қысқартудың басталғаны** туралы мәлімдеді.

Мұндай жағдайларда **дамыған елдердің ставкаларды көтеру кезеңінің** басталуы дамушы нарықтардан капиталды **әкету** тәуекелін тудырады. Осыған байланысты **АҚШ долларының нығаюы** және дамыған елдердің **мемлекеттік бағалы қағаздары** кірістілігінің өсуі аясында дамушы елдер **валюталары қысымда** болып отыр. Биылғы жылғы қазанда дамушы елдер **валюталарының АҚШ долларына қатысты қоржынының** индексі **0,8%-ке** әлсіреді.

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚ КЕҢІСТІГІНДЕ ИНФЛЯЦИЯ ТАРГЕТТЕН АЙТАРЛЫҚТАЙ АСЫП ТҮСЕДІ

Еуразиялық экономикалық одақтың барлық елдерінде инфляция бойынша **таргеттен айтарлықтай асып түсуі** байқалады.

Инфляцияның қазіргі деңгейі Ресейде (8,1%), Арменияда (9,1%), Беларусьте (10,2%) белгіленген мақсаттардан **екі еседен аса жоғары**.

Бұл жағдайларда Орталық банктер **инфляциялық тәуекелдердің өсуіне** негізгі ставкаларды көтерумен **жауап береді**.

Еуразиялық экономикалық одақ елдерінде ағымдағы деңгейлерді және Орталық банктер тарапынан **жауап шараларын** ескере отырып, **әртүрлі серпінмен 2022-2023 жылдары инфляцияның тұрақтануы** күтіледі.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЕҢБЕК
НАРЫҒЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР БАҒА БЕЛГІЛЕУГЕ ӘСЕР ЕТЕДІ**

Биылғы жылғы қазанда Қазақстанда **іскерлік белсенділік индексі** оң көрсеткішке өтіп, **50,1** болды.

Іскерлік белсенділіктің жақсаруы осы жылғы бірінші жартыжылдықта **бос жұмыс орындарының 49%-ке** өсуіне әсер етіп, **ұсыныстан жылдам өсіп келе жатқан** жұмыс күшіне сұранысқа ықпал етіп отыр.

Кейбір салаларда жұмыс орындарының **бес ай** қатарынан **қысқаруы** кезінде **еңбекақының өскені** байқалады. Қызметкерлер **барынша қолайлы еңбек жағдайын, жоғары еңбекақы** іздестіріп, жұмыстан шығуда.

Еңбекақының өсуі аясында қызметтің **өзіндік құнының индексі** 2020 жылғы шілдеден бастап **49-дан 67-ге** дейін **өсуін жалғастыруда**. Іскерлік белсенділіктің **қалпына келуі** және қызметтің **өзіндік құнында** еңбекақының **жоғары үлесін (50%)** ескере отырып, **еңбекақының өсуі инфляцияға** қосымша қысым жасауда.

**10 АЙДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ЖЫЛДЫҚ
ИНФЛЯЦИЯ 8,9% ДЕҢГЕЙІНДЕ САҚТАЛДЫ**

Қазанда айлық инфляция **0,7%** болды. Жылдық инфляция **азық-түлік бағасының 11,5%-тен 11,3%-ке** дейін баяулауы аясында соңғы 6 айда **алғашқы рет** өсімін тоқтатып, **8,9%** деңгейінде сақталды. Бұл ретте, **азық-түлікке** жатпайтын инфляция **7,5%-тен 7,8%-ке** дейін, **ақылы көрсетілетін қызмет** инфляциясы **6,8%-тен 6,9%-ке** дейін жеделдеуін жалғастырды.

Жаңа өскен көкөніс бағасы сезондық **5,5%-ке** (үлес - **0,3 пайыздық тармақ**) және жұмыртқаның бағасы (**7,2%**) өсуі

аясында **азық-түлік** инфляциясы **0,7%-ті** құрады. **Қияр мен помидорлардың** бағасы **22%-ке** жоғары өскенін көрсетті. Құс фабрикаларында **өндіріс көлемінің қысқаруынан, жем құнының артуынан,** сондай-ақ **2022 жылдан** бастап **субсидияларды** алып тастау ықтималдығынан жұмыртқаның бағасы өсті.

Дизель отынының бағасы **16,6%-ке** немесе **34 теңгеге** күрт өсуінен **азық-түлікке жатпайтын** инфляция бір айда **1%** болды. **Дизель отыны** бағасының айтарлықтай өсуі осы жылғы қазанда жылдық инфляцияны **төмендетуге мүмкіндік бермеді.**

Іскерлік **белсенділіктің** қалпына келуі және **көрсетілетін қызмет секторында өзіндік құнның** ұлғаюы аясында ақылы қызмет инфляциясы **0,5% болды.** Осы жылғы 9 айда қызмет өндірудің нақты көлемінің индексі **2,9%-ке** өсті.

Қазанда жылдық инфляциясы **жеделдеген** өңірлердің саны **13-тен 7-ге** дейін (**17-ден**) **төмендеді.** **6** өңірде жылдық инфляция **баяулады** және **4** өңірде осы жылғы қыркүйектегі деңгейде **сақталды.**

Өңірлердегі азық-түлік бағасының өсуін **тұрақтандыру** инфляцияның **монетарлық емес факторларын ұстап тұруға** бағытталған Инфляцияға қарсы ден қою шараларының кешенін Үкімет және әкімдіктердің тарапынан іске асыру нәтижесі болып табылады.

Баға тұрақтануының алғашқы белгілеріне қарамастан, **инфляция аясы әлі де болса жоғары және орнықты** болып қалуда. Осы факторлар негізінде биылғы жылғы қазанда Ұлттық

Банк базалық ставканы **9,75%-ке** дейін
25 базистік тармаққа көтерді.

АҒЫМДАҒЫ ШОТ ДЕФИЦИТІН ТӨМЕНДЕТУ

2021 жылғы 9 айда **ағымдағы шот дефициті** төмендеп, алдын ала деректер бойынша, **сауда балансының жақсаруы** аясында **(-)3,0 млрд. АҚШ долларын** құрады.

Тауарлар **экспорты мұнай** экспортының **3,6 млрд. АҚШ долларына**, сондай-ақ **түсті және қара металдар** экспортының ұлғаюы есебінен **43,1 млрд. АҚШ долларына** дейін **20,4%-ке** ұлғайды.

Тауарлар **импорты** негізінен **тұтыну** тауарларының **1,5 млрд. АҚШ долларына** өсуі есебінен **28,0 млрд. АҚШ долларына** дейін **2,7%-ке** өсті.

Мұнай бағаларын қалпына келтіру тікелей шетелдік инвесторларға **кіріс төлемдерінің** 2020 жылға 9 айдағы **10,2 млрд. АҚШ долларынан 15,7 млрд. АҚШ долларына** дейін **53,7%-ке** өсуіне алып келді.

Тұтыну импортының өсуді жалғастыруы **төлем балансының** жақсаруын тежейді және нәтижесінде **валюта нарығына** қысым жасайды.

МҰНАЙ БАҒАСЫНЫҢ ӨСУІ АЯСЫНДА ТЕҢГЕНІҢ ӘЛСІРЕУІ ЖАЛҒАСУДА

Мұнай бағасының бір баррель үшін **84,4 АҚШ долларына** дейін **7,5%-ке** өсуіне қарамастан, **экономикалық белсенділіктің** қалпына келуі және **фискалдық серпіннің** жалғасуы аясында ұлттық валюта бір айда бір АҚШ доллары үшін **427,15 теңгеге** дейін **0,3%-ке** әлсіреді.

Бизнес пен халық тарапынан **сұраныстың** өсуі аясында **Ресей тауарларының импорты** биылғы жылғы 2-тоқсанда жылдық мәнде биылғы жылғы 1-тоқсандағы **2,4%-тен 36,1%-ке** дейін жылдамдады, бұл қазанда теңге бағамының Ресей рубліне қатысты бір рубль үшін **6,05** теңгеге дейін немесе **3,4%-ке** әлсіреуіне алып келді.

Сонымен қатар, базалық ставканың өсуі **теңгедегі борыштық құралдардың тартымдылығын** сақтайды, оған бейрезиденттердің қазанда Қазақстан Республикасында мемлекеттік бағалы қағаздарға салымдары көлемінің **863 млрд. теңгеге дейін 75 млрд. теңгеге** өсуі дәлел болады. **Шетелдік инвесторлар** тарапынан шетел валютасының қосымша ұсынысы нарықтың **өтімділігін** жақсартуға және **сұранысты** ішінара **қанағаттандыруға** ықпал етеді.

Импорттың өсуі аясында валютаға **орнықты сұраныс**, оның **шектеулі** ұсынысы және сыртқы нарықтардағы **құбылмалылығы** теңге бағамына **қысым** жасауды жалғастырады.

НАРЫҚТЫ ТҮЗЕТУ НӘТИЖЕСІНДЕ ҰЛТТЫҚ ҚОРДЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КІРІСІ ҚАЛПЫНА КЕЛДІ

Ұлттық қордың активтері биылғы жылғы қазанның соңында **55,1 млрд. АҚШ долларын** құрады.

Қазанда **428 млрд. теңгеге** нысаналы және кепілдендірілген трансферттерді бөлуді қамтамасыз ету үшін **988 млн. АҚШ доллары сатылды.**

Қазанда Ұлттық қорға **түсімдер 103 млрд. теңге**, оның ішінде шетел валютасында **163 млн. АҚШ доллары** болды.

Биылғы жылғы қазанда Ұлттық қордың **инвестициялық кірісі** нарықты түзетуден кейін қалпына келіп, тек **акциялар** мен **алтынның** өсуі есебінен **871 млн. АҚШ** доллары болды. Инвестициялық кіріс Ұлттық қор активтерінің **теңгерімді аллокациясы есебінен** жыл басынан бері қалпына келді және **2 млрд. АҚШ** доллары немесе **3,44%** болды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЛТЫНВАЛЮТА РЕЗЕРВТЕРІ АЛТЫН БАҒАСЫНЫҢ ӨСУІ ЕСЕБІНЕН ҚЫМБАТТАДЫ

Алтынвалюта резервтері биылғы жылғы қазанның соңында **35,8 млрд. АҚШ** долларын құрап, бір айда **307 млн. АҚШ** долларына артты.

Алтын портфелі алтын бағасының бір унция үшін **1796 АҚШ** долларына дейін **3,8%-ке** өсуі есебінен **1,2 млрд. АҚШ** долларына **өсті**.

Еркін конвертацияланатын валютадағы активтер негізінен **екінші деңгейдегі банктердің корреспонденттік шоттарындағы** қалдықтардың төмендеуі есебінен **854 млн. АҚШ** долларына **азайды**.

Жалпы халықаралық резервтердің барлығы бір айда **354 млн. АҚШ** долларына ұлғайып, **90,9 млрд. АҚШ** долларын құрады.

БІРІҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІН ӘРТАРАПТАНДЫРУ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КІРІСТІ ҰЛҒАЙТАДЫ

Биылғы жылғы қазанның соңында Біріңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері жыл басынан бастап **337,3 млрд. теңгеге** немесе **2,6%-ке** ұлғайып, **13,2 трлн. теңге** болды.

Биылғы жылғы 31 қазанда салымшылардың зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын алуы үшін **2,0 трлн. теңге** сомасына **545,5 мың** өтініш орындалды, оның ішінде **1,95 трлн. теңге** немесе **97,1%** тұрғын үй мәселелерін шешуге тиесілі болды.

Биылғы жылдың басынан бері есептелген **инвестициялық кірістің** мөлшері шамамен **1,2 трлн. теңге** болды, оның 14%-і валюталық портфель активтеріне тиесілі.

Биылғы жылғы 10 айдың қорытындысы бойынша **7,0%** инфляция кезінде **9,9%** мөлшерінде **кірістілік** алынды, сәйкесінше салымшылар үшін **2,9%** мөлшерінде **нақты кірістілік** қамтамасыз етілді.

Сонымен қатар биылғы жылғы қазанда Мемлекет басшысының **тапсырмасын** орындау үшін Ұлттық Банк Ұлттық төлем жүйесінің **техникалық дайындығын қамтамасыз етті**.

1. **Банкаралық төлем карточкалары жүйесі (БТКЖ)** шеңберінде карточкалық транзакцияларды өңдеу бойынша инфрақұрылым құрылды. Қазіргі уақытта бұл жүйені Visa, Mastercard, Union Pay халықаралық төлем жүйелерімен **интеграциялау** жұмысы жүргізіліп жатыр.

2. Қазіргі уақытта **нақты уақыт** режимінде жеке **төлемдер** мен ақша **аударымдарын** жүргізуге арналған **Мезеттік төлемдер жүйесінің (ЛТЖ)** платформасы жаңартылды.

Ұлттық төлем жүйесінің **компоненттері 2021 жылғы қараша-желтоқсанда пилоттық режимде іске қосылады**.

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы, әріптестер!

Мемлекет басшысы **2021 жылы инфляцияны 8,5%-ке дейін тұрақтандыру** бойынша қойған міндетке жету үшін биылғы жылдың соңғы екі айында жинақталған инфляция **1,4%-тен** аспауы тиіс. Соңғы 5 жылда жинақталған инфляция қараша-желтоқсанда **тарихи тұрғыдан** орта есеппен **1,7%** болғанын ескеретін болсақ, бұл міндет **қол жетерлік** болып келеді.

Бүгінгі таңда Үкімет пен әкімдіктер әлеуметтік маңызды азық-түлік тауарлар бағасының өсуіне басты назар аударуда. Алайда, **әлеуметтік маңызды азық-түлік тауарларының құрамына кірмейтін**, бірақ тұтынушылық бағалар индексында **салмағы үлкен** және жылдың соңғы айларында **қымбаттауға бейім** азық-түлік тауарларына да назар аударған жөн.

Инфляцияға қарсы ден қою шараларының кешені шеңберінде тауар нарықтарындағы **теңгерімсіздіктерді жою** мақсатында **жүйелі және алдын алу шараларын** қабылдау инфляцияны **тұрақтандыруға** және **2022 жылы 4-6%** нысаналы дәлізге еруге мүмкіндік береді.

Назарларыңызға рақмет!